


ПРЕЗЕНТАЦИЯ



**Республиканың мемлекеттік тәуелсіздікке
ие болуы, оның Қазақстан халқы үшін
тарихи маңызы**

Орындаған: Тілес Н.

Тобы: ФК-15-4к2

Қабылдаған: Пернебаева П.



Жоспар:

- Мемлекеттік тәуелсіздікке ие болуы.
Қазақстан халқы үшін тарихи маңызы
- Қоғамдық саяси өмірдің дамуы.
- Қазақстан 2030 стратегиялық даму бағдарламасы.



1986 жылы Алматыдағы “Желтоқсан оқиғасы” дүниені дүр сілкіндірді. Осы жылы 16-желтоқсанда қазақ жастары шеруге шықты.


1986 жылы 16-желтоқсанда Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің пленумында Дінмұханбет Қонаевты зейнеткерлікке шығуына байланысты Республика Компартиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысы міндетінен босатты, орнына орыс азаматы Колбиннің келуінде еді. Аңғал сеніммен алаңға шыққан бейкүнә қыз-жігіттер “контрреволюционерлер” емес еді. Олардың ойы халықтың құқықтары мен проблемалары туралы сөз жүргізу еді. Алайда оларды қарулы, сақадай сай әскерлер қарсы алады.

Үкімет үйінде жастар шеруін қуғындау үшін астыртын жоспар құрылып жатты. Ал алаңдағы жастар жайбарақат еді, аңғал еді, алаңсыз еді. 19 желтоқсанда қалада тәртіп негізінен қалпына келтірілді. 1986 жылғы 19-25 желтоқсан. Жезқазған, Қарағанды, Павлодар, Жамбыл, Шымкент, Талдықорған, Көкшетау, Арқалық қалаларында, Шамалған, Сарыөзек поселкелерінде жекелеген бой көтерулер болды.

Тәуелсіздік жолында


Егемендік пен тәуелсіздік еркіндік сүйген халқымыздың ежелден аңсаған арманы .Бүгінгі таңда тәуелсіздікке қол жеткізген еліміз талай асудан өтіп, небір қиын-қыстау кезеңдерді бастан кешіп, етек –жеңі жиылған, әлемнің түпкір – түпкіріндегі танылған, өз мақсаты мен міндеті анық байыпталған жас мемлекеттердің қатарына кірді.

90 – шы жылдардағы қоғамдық – саяси процестер . Демократиялық процестері тереңдетудің , қоғамдық – саяси ұйымдастырумен және қозғалыстармен сындарлы ынтымақтастың маңызды факторы ретінде саяси көпшілік орнықтыру тенденциясы 1991 жылдың көктемінде анық байқалды. Бұл кезде Қазақстанда дербес саяси және қоғамдық бірлестіктер саны 120 – дан асқан еді. Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздік бағытында Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің кезектен тыс XIV сессиясының шешімдері ерекше орын алады Бұл сессияда төрт заңның жобасы , яғни : “ Қазақ КСР Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ”, “Қазақ КСР -інде тілдер турал ”, “ Қазақ КСР – нің халық депутаттарын сайлау туралы ” және “Қазақ КСР –інде халық депутаттары жергілікті кеңестерінің депутаттарын сайлау туралы” шешімдер қабылдады.



Қазақстанның саяси және заңды тәуелсіздік алында Қазақ КСР Жоғарғы Кеңес 1990 жылы 25 қазанда қабылдаған Қазақстанның мемлекеттік егемендігі туралы Декларация маңызды рөл атқарды. Көлемі жағынан шағын, бірақ мазмұны бай құжат Қазақстанның егемендігінің нығаю процесінде темірқазыққа айналды.

Қазақстанның өз тәуелсіздігін жариялауы маңызды оқиға. Бірақ ең бастысы оны нақты мағынамен - экономиканы нығайтмен толықтыру үшін күшті атқарушы өкіметтің қажетті туды. 1991 жылғы 16 желтоқсанда Жоғарғы Кеңес Қазақ КСР-ін “ Қазақстан Республикасы ” деп атап, мемлекеттің атын өзгертті. Бұл тарихи құжатты еліміз тәуелсіз, демократиялық және құқықтық мемлекет саналады деп жариялайды. Тәуелсіз мемлекетінің тұңғыш Президенті сол күні көп ұлтты республика халқына қалтқысыз қызмет етуге, азаматтардың құқықтары мен еркіндігінің кепілі- Конституцияға адал болуға, міндеттерін орындауға ант берілді.




Қазіргі Қазақстанның келбеті.




Қоғамдық саяси өмірді дамуы

Тәуелсіз Қазақстанның мемлекет ретінде қалыптасуы ең алдымен, оның саяси жүйесін реформалауды қажет етті. Кеңестік биліктен ажырап, демократиялық, құқықтық, зайырлы және әлеуметтік мемлекет орнықтыруға бағытталған еліміз үшін оның қоғамдық құрылысындағы аса маңызды жетістіктерінің бірі – Қазақстан мемлекетінің жаңа саяси жүйесінің қалыптасуы болып табылды.

- 1991 жылғы желтоқсанда Қазақстан өзінің тәуелсіз саяси даму жолын ұстанғанын дәлелдеп мемлекет егемендігі туралы декларация негізге алды. Елде құқықтық реформаны жүзеге асыру, елдің саяси жүйесін жетілдіру мен жаңа заңдар қабылдаудың конституциялық негізі қабылданды.
- 1995 жылдың көктемінде қоғамның бірлестігін сақтау мен елдің саяси және әлқметтік жағдайын ушығуына жол бермеу мақсатында 1994 жылы өтініш білдірді.

- 
- **1992 жылы қыркүйек-қазан айларында Алматыда дүние жүзі қазақтарының тұңғыш құрылтайы өтті.**
 - **2002 жылғы 23 қазанда Түркістанда дүние жүзі қазақтарының екінші құрылтайы өтті.**
 - **1993 жылы 17 желтоқсанда Қазақтардың дүние жүзілік қауымдастығының тұсау кесер салтанаты болды**
 - **1997 жылы ұлттық татулық және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы.**
 - **1998 жыл-халық білігі мен ұлттық тарих жылы. Бұл жылы 23 ірі Ғылыми форумдар өткізіледі**
 - **2000 жыл- мәдениетті қолдау жылы.**
 - **1999 жылдың басына қарай дүние жүзінің 150 мемлекеті танып, 106 мемлекетпен дипломатиялық қатынас орнатылды.**
 - **1998-1999 жылдары Қазақстан-Қытай арасында келісімдер нәтижесінде, шекараны нақтылау негізінен аяқталды.**
 - **Қазақстан және ТМД елдерімен тығыз өзара байланыста болу – біздің ел үшін өте қажет. 1994 жылы – Орталық Азия экономикалық қауымдастығы құрылды**
 - **1996 жылғы 31 қыркүйекте Қазақстан БҰҰ-ға мүше 129 елдің қатарында ядролық қаруды таратпау жөнінде шартқа қол қойды.**
 - **1993 жылы Президент Н.Ә. Назарбаев Лиссабон хаттамасына қол қойды. Қазақстан ядролық қарудан еркін аймақ болып жарияланды.**



1997 жылдың қазан айында Президент Н. Назарбаев Республика халқына «Қазақстан -2030» атпен жолдау қабылдап онда еліміздің дағдарыстан шығудың және жүріп жатқан реформаларды аяқтаудың, сондай-ақ алдыңғы қатарлы мемлекеттердің қатарына қосылудың немесе «Қазақстан барысын» қалыптастырудың жаңа бағдарламасын ұсынды.

«Қазақстан -2030» стратегиясында көрсетілгендей әсіресе, соңғы жылдары республикада тұрақты экономикалық өрлеу, өндіріс ауқымын өсіруге байланысты. Тек 2000- 2003 жылдары ішкі өнімнің жиынтығы өнімі 35,5 пайызды құрады. Сауатты макроэкономикалық саясат еліміздің халықаралық беделін едәуір көтеруге жағдай жасады. Осы стратегияны жүзеге асыру барысында тәуелсіз еліміздің басты тақырыбы мен жетістіктері мемлекеттің қауіпсіздігін нығайту және экономикалық өрлеу болғанын айтқан жөн. Бұл барлық қазақстандықтардың өсіп- өркендеуіне, әл- ауқатының артуына кең өріс алды. Қазір біздің нарықтық экономика мен демократиялық мемлекеттің іргесі қаланып қана қойған жоқ, сонымен қатар барлық қазақстандықтардың игілігі үшін кәделі әлі әлуетті жоғары, әрі ресурстары мол әлуметтік –экономикалық дамудың кемеліне келген үлгісінің нақты нысаныдары қалыптасты. Оған дәлел ретінде бүкіл әлемдегі ең күшті мемлекет –АҚШ Қазақстанға нарықтық экономикасы бар ел мәртебесін беру туралы шешімін ерекеше атап көрсеткен жөн. Болашақта республиканың нарық қатынасына көшкен ел ретінде дүниежүзілік сауда ұйымына кіруінің оңтайлы алға шарт болып табылды.



Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Х. К. Ермұханова «Қазақстан тарихы»

Алматы 2007ж,

2.Ч. Мусин «Қазақстан тарихы» Алматы 2005

ж,

3.Қазақстан тарихы.Шың.оқулық 2012 ж.